

БИЗНЕС МЕКТЕБІНІҢ «ЭКОБАЛАНС» СТУДЕНТТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Клубтың ұраны: «ЭкоБаланс: Тұрақты даму – тиімді экономика»

Бөлім 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «ЭкоБаланс» студенттік экологиялық клубы 2025 жылғы 30 қазанда құрылды.

1.2. «ЭкоБаланс» клубы Даулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Бизнес мектебінде жұмыс істейді (мекенжайы: Өскемен қ., Серікбаев көшесі, 19).

1.3. Клубтың қызметінің құқықтық негізі: «ЭкоБаланс» өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, университеттің нормативтік-әдістемелік құжаттарына және оқу орнының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Бөлім 2. КЛУБТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

2.1. «ЭкоБаланс» клубының негізгі мақсаттары:

– Бизнес мектебі студенттері арасында тұрақты даму және жасыл экономика қағидаттарымен ұштастырылған экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыру.

– Маңызды экологиялық мәселелерді бағалау, басқару және шешу мақсатында экономикалық білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын дамыту.

– Экологиялық менеджмент, қаржыландыру және аудит саласында студенттердің ғылыми-зерттеу шығармашылығын ынталандыру.

2.2. Клубтың негізгі міндеттері:

– Студенттердің экологиялық және экономикалық бағыттағы конференцияларға, тұрақты даму және ESG тақырыптарындағы байқауларға қатысуын қамтамасыз ету.

– Қазақстан жағдайында ресурстарды үнемдеу және экологиялық стартаптар үшін бизнес-жоспар әзірлеу дағдыларын қалыптастыруға қолдау көрсету.

– ШҚТУ студенттік клубтары арасында экологиялық және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

– ШҚО-да экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған аймақтық жобаларға студенттерді тарту.

2.3. Міндеттерді жүзеге асыру үшін «ЭкоБаланс» клубы құқылы:

– Экологиялық бағыттағы ағартушылық және волонтерлік шараларды ұйымдастыру және өткізуге;

– Экологияның экономикалық аспектілеріне талдау жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге (мысалы, қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинаудың тиімділігін талдау);

– Университет студенттері мен оқытушыларын, сондай-ақ Қазақстанның бизнес және экология саласының сыртқы сарапшыларын іс-шараларға тартуға.

Бөлім 3. КЛУБ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«ЭкоБаланс» клубының қызметі экономика мен экологияның тоғысында жүзеге асырылады:

– Менеджментті экологияландыру: университетте ресурстарды тұтынуды оңтайландыру бойынша экономикалық есептеулермен ұсыныстар әзірлеу.

– ESG қағидаттары және оларды Қазақстан жағдайында бизнес-процестерге енгізу әдістерін зерттеу.

– Эко-маркетинг және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ): тұтынушылық мінез-құлықты зерттеу және жауапты тұтыну мәдениетін ілгерілету.

– Университет пен мектеп серіктес кәсіпорындарында экологиялық тиімді технологияларды енгізуге арналған экономикалық модельдер әзірлеуге қатысу.

– Тұрақты даму мәселелері бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.

– Практикалық эко-акциялар өткізу: макулатура, пластик, батареикалар жинау; ШҚТУ аумағында және қалада сенбіліктер жүргізу.

– Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға қызығушылық танытқан студенттерді клуб жұмысына тарту.

Бөлім 4. ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ

Клуб қызметі келесі принциптерге негізделеді:

– Командалық жұмыс және іс-әрекеттердің келісімділігі.

– Клуб мүшелерінің өзара сыйластығы және ынтымақтастыққа ашықтық.

– Бастама, еріктілік және белсенділік қағидаттары.

– Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны қатаң сақтау.

– Қоршаған ортаны қорғауға бағытталған құндылықтарды ілгерілету.

– Экологиялық бастамаларды олардың экономикалық тиімділігі және қайтарымдылығы тұрғысынан бағалау.

Бөлім 5. «ЭКОБАЛАНС» КЛУБЫНА МҮШЕЛІК

1. «ЭкоБаланс» клубының мүшесі – клуб жұмысына жүйелі түрде қатысатын және осы Жарғыны мойындайтын студент.

2. Клуб мүшесі Бизнес мектебінің экология немесе тұрақты даму мәселелеріне қызығушылық танытқан үлгерімі жақсы кез келген студент бола алады.

3. Клуб төрағасы оның белсенді мүшелері қатарынан жалпы жиналыста сайланады.

4. Клубтың ғылыми жетекшісі экономика, экология немесе тұрақты даму саласында құзыреті бар оқытушылар қатарынан Бизнес мектебінің Ғылыми кеңесі тарапынан тағайындалады.

Бөлім 6. КЛУБ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Клуб мүшесі құқылы:

– Клуб отырыстарына қатысуға, пікір білдіруге, баяндамалар және ғылыми хабарламалар жасауға.

– Өз ғылыми жұмыстарын (мақала, тезис, жоба есебі) ШҚТУ жинақтарында және басқа ғылыми басылымдарда клуб қолдауымен жариялауға.

– Клубтың ғылыми-зерттеу жобаларын орындау үшін университеттің ақпараттық және ғылыми ресурстарын пайдалануға.

– Клуб ұйымдастырған барлық іс-шараларға қатысуға.

– Экологиялық және ғылыми жетістіктері жоғары болған жағдайда «жасыл экономикаға» қатысты тағылымдамалар мен бағдарламаларға қатысуда басымдық алуға.

–

6.2. Клуб мүшесі міндетті:

– Клуб жұмысына және оның жобаларына белсенді қатысуға.

– Осы Жарғы талаптарын және клуб жиналыстарында қабылданған шешімдерді орындауға.

– Оқу үлгерімін тиісті деңгейде сақтауға.

– Клуб пен Бизнес мектебінің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етуге.